

Қазақстан Республикасының Тұтынушыларын мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 наурыздағы N 248 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Үкіметтің реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, тұтынушыларды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, бәсекелестікті монополиясыздандыру, дамыту және процесті тереңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Мұнай өнімдері" аумақтық акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының иеленуінен, пайдалануынан және басқаруынан қайтарып алсын;

мұнай базаларын (терминалдар), "Мұнай өнімдері" аумақтық акционерлік қоғамының құрамынан бөле отырып, акциялайтын болсын;

облыс және Алматы қаласының әкімдерімен және Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, бәсекелестікті дамыту мақсатында, мұнай тиісті базалармен бірге акцияланатын бір-екі автомай құю станцияларын анықтасын, қалған автомай құю станциялары "Мұнай өнімдері" аумақтық акционерлік қоғамының Жарғылық қорынан шығарылсын және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сататын болсын;

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен келісім бойынша, әрбір облыста бірден мұнай базаларынан (терминалдар) келетін мемлекеттік акциялар пакетін, оларды сатып жіберу сәтіне дейін мұнай-газ өндіретін кәсіпорындардың иеленуіне, пайдалануына және басқаруына беретін болсын;

Атырау, Павлодар және Шымкент қалаларындағы "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының мұнай өнімдерін құю жөніндегі филиалдарының мүлкіне жататын мемлекеттік акциялар пакетінің бір бөлігін тиісті мұнай-газ өңдейтін зауыттардың иеленуіне, пайдалануына және

б а с қ а р у ы н а

б е р с і н ;

"Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастырғаннан кейін қалған мүліктерге тиесілі мемлекеттік акциялар пакеті оны сатып жіберу сәтіне дейін "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының орталық аппаратының және оның филиалдары: Шілбастау мұнай базасы, "Мұнайнорматив" салалық шаруашылық есептегі орталық, "Жомарт" көтерме-делдалдық фирмасы балансында болған мүліктер негізінде құрылған акционерлік қоғамының иеленуіне, пайдалануына және басқаруына берсін. Осы акционерлік қоғамға қайта құрылған "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының Алматы қаласындағы үйін иеленуге және пайдалануға құқық берілсін;

жаңадан құрылған акционерлік қоғамның қалған мемлекеттік акциялар пакетін қолданылып жүрген заңға сәйкес сататын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп "Құстанайнефтетранс" және "Петропаловскнефтетранс" мемлекеттік мұнай өнімдерін тасымалдау құбырлары кәсіпорындары "Қазақстан және Орта Азия арналы мұнай құбырлары" өндірістік бірлестігі құрамына, ал "Уральскнефтетранс" мемлекеттік мұнай өнімдерін тасымалдау құбырлары кәсіпорнын "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының иелігіне, пайдалануына және басқаруына берсін.

Ескерту. 2-тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда - ҚРМК-інің 23.08.1995 ж. N 1168 қаулысымен.

Жоғарыда аталған кәсіпорындар кез келген шаруашылық жүргізуші субъектілерге мұнай өнімдерін тасымалдау жөнінде көлікпен қызмет көрсеткені Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет бекіткен тариф бойынша белгіленеді.

3. Мемлекет мұқтажын, бюджеттік ұйымдарды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету және де Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Материалдық резервтер жөніндегі комитетпен бірлесе отырып, мұнай базаларында мемлекеттік резервті құру жауапкершілігі облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі мен Қаржы министрлігі "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясы қарызының құқықтық иеленушілерінің, сонымен бірге Россия Федерациясы берген кредит пен оның проценттерін өтеуіне жауаптыларды үш ай мерзім ішінде анықтасын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы" 1993 жылғы 26 тамыздағы

№ 734 (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1993 ж., № 33, 382-бап) және "Мұнай өнімдері" мемлекеттік акционерлік компаниясының бақылау кеңесі туралы" 1993 жылғы 4 қыркүйектегі № 816 қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК